

Түркістан облысы
Шардара ауданы
Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектеп

Тренинг
Тақырыбы: «Менің отбасым - менің
байлығым»

Педагог психолог: А.Қасымбекова

Тақырыбы: «Менің отбасым - менің байлығым»

Мақсаты: *Адамдарды сыйлау – Ата-ананы құрметтеуден басталады. Ендеше оқушыларды ата-анасын, құрметтеуге мейірімділікке, жанұя махаббатын түсіне білуге тәрбиелеу.*

Тәрбие сағатының түрі: *Дөңгелек үстел.*

Әдіс-тәсілдері: *Ассоциация, Венн диаграммасы, бес өлең, үш жакты күнделік.*

Сабақтың көрнекілігі: *Жанұя туралы мақал-мәтелдер жазылған плакаттар, карточкалар, плакаттар.*

Жоспары:

I. Кіріспе бөлім:

- а) Шығармалар.
- б) “Бақытты жанұя” ассоциациясын толтыру.

II. Сұхбат бөлімі:

- а) Махаббат қызық мол жылдар (Ата-аналар естелігі).
- б) Оқушыларға арналған емтихан.
- в) Ата-аналарға арналған емтихан.
- г) Бесөлең.
- д) Балаларға арналған сауалнама.
- е) Венн диаграммасы.
- ж) Жанұя, ата-ана туралы мақал-мәтелдер айту (оқушылар айтады, қалғанын мұғалім толықтырады).


III. Қорытынды бөлім:

- а) Балалардың есіне (Талдау жасау).
- б) Ата-ананың есіне.
- в) Талдау жасау.

г) Топтық жұмыс: “Бақытты жанұяның” ассоциациясын толықтыру.

д) Әркімнің ата-анасы - әулиесі (Ата-аналарға құрмет көрсету).

“Бақытты жанұя” ассоциациясын толтыру:



Ата-аналарға арналған емтихан.

Құрметті ата-аналар, сіздерде бала тәрбиесінде емтихан күнделікті әр сағатта, жыл бойы кездеседі. Сондықтан кейбір кездесетін жағдаяттарды қалай шешесіздер, соны білгім келеді. Мен сіздерге сұрақтар беріп соған жауап берулеріңізді сұраймын.

1. Сіз үйде тығыз бір жұмыс істеп жатырсыз. Балаңыз өзіне көңіл аударғанын қалайды. Сіз не істер едіңіз?
2. Сіз шаршап, өзіңізді нашар сезініп тұрсыз. Сіздің ұлыңызға (қызыңызға) достары келеді. Сіз не істер едіңіз? (Сіз не айтар едіңіз?)
3. Қызыңыз (ұлыңыз) сіздің алғашқы махаббатыңыз туралы білгісі келеді. (Сіз не айтар едіңіз?)
4. Сіз балаңызға күнделікті көп уақыт (көп көңіл) бөлесіз бе?
5. Сіз балаңыздың темекі тартқанын байқап қалдыңыз. Не істер едіңіз? Өзіңіз темекі тартасыз ба?

6. Балаңыз туған күннен кеш келді, оның аздап ішімдік ішкенін сездіңіз? Не істер едіңіз?
7. Сіз балаңыздың өтірік айтатынын байқадыңыз? Не істер едіңіз?
8. Сіздің балаңыз мұғалімдер туралы жаман пікір айтты. Сіз бұл жағдайда не істер едіңіз?
9. Сізге балаңыздың досы (кұрбысы) ұнамайды. Сіз бұл достыққа өзіңіздің тарапыңыздан әсер етесіз бе?
10. Балаңыздың дискотекаға баруына рұқсат бересіз. Балаңыздың сағат нешеде үйде болуын талап етесіз?
11. Сіздің көңіл-күйіңіз төмен болса, жанұяға, балаларыңызға әсері тие ме?
12. Бала тәрбиесіндегі қандай әдісті жиі қолданасыз?
13. Сіздер балаға тек қана ата-ана емес, дос болуларыңыз керек. Бұл үшін не істеулеріңіз керек?
14. Сіз балаңыздың жаман қылығын білдіңіз. Сіз қалай қабылдайсыз және не істер едіңіз?
15. Сіз балаңыздың күнделігін тексеріп, алған бағаларына анализ жасайсыз ба? Өңгімелесесіз бе?

Бес өлең (Ата-аналарға).

1. Менің балам.
2. Сын есім – 2 сөз.
3. Етістік – 3 сөз.
4. Сөйлем – 4 сөз.
5. Синоним – 1 балама сөз.

Бес өлең (Оқушыларға).

1. Ата-ана.
2. Сын есім – 2 сөз.
3. Етістік – 3 сөз.
4. Сөйлем – 4 сөз.
5. Синоним – 1 балама сөз.

Балаларға арналған сауалнама.

1. Жанұяларыңда кім басшы?
2. Ата-аналарыңды қандай қылықтарыңмен ренжітесің?
3. Қандай істеріңмен қуантасың?
4. Ата-анаң сені қалай атайды?
5. Ата-анаңды қатал және адал, шыншыл деп ойлайсың ба?
6. Ренжіткенде ата-анаңнан кешірім сұрайсың ба?
7. Ата-анаң сенің дұрыс пікіріңе жиі қарсылық білдіре ме?
8. Сенің мінезіңде қандай кемшіліктер бар?
9. Өзіңнің құпияңды кімге сеніп айтасың?
10. Жанұяда қандай ахуалды (жағдайды) өзгерткің келеді? Аты-жөні.

Вени диаграммасы:



Жанұя туралы мақал-мәтелдер.

1. "Ұлдың ұяты - әкеге, қыздың ұяты - шешеге".
2. "Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды".
3. "Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да, парызыңды өтей алмайсың".
4. "Әкеге бағыну – Аллаға бағыну".
5. "Ата-ананды сыйлау – адамзат баласына тән ізгі қасиет".
6. "Алты аға бірігіп әке болмас, жеті жеңге бірігіп ана болмас".
7. "Көргенді көгершін әке-шешесінең үш бұтақ төмен қонақтайды (Жапон мақалы)".
8. "Әркімнің ата-анасы - әулиесі".
9. "Әкесін сыйламаған кісіні баласы сыйламайды".
10. "Бағатын бала болса, өлетін кәрі жоқ".
11. "Тату үйдің тамығы да тәтті".
12. "Бақытты болам десең – үйіңнің тыныштығын көзіңнің қарашығындай сақта".
13. "Әйел – отбасының күні, ары, абыройы".
14. "Даладағы бораннан үйдегі боран жаман".
15. "Бала – бақыт, келін – құт, кемпір – қазыға".
16. "Ынтымақ үйді жылытады".
17. "Әр үйдің өзіне лайық өнегесі болады".
18. "Әр үйдің тірегі болады

Жүрегі болады

Тілегі болады

Тірегі – ері

Жүрегі – жары

Тілегі – бала-шағасы”.

19. “Отау иесі, бақытты ата-ана болу – ғұмыр бойы үйренер ғылым”.

20. “Отбасы – шағын мемлекет”.

Мен – президент,

Сен – премьер

Премьер жолдас, бер пример.

Ата-ананың есіне!

1. Балаларыңызға оларды жақсы көретіндеріңізді жасырмай, жиі білдіріп тұрыңыздар.
2. Неғұрлым жанұяңызбен бірге уақытыңызды жиі өткізіңіз, өткен күндерді талқылап, жанұялық ахуалды ақылдаса отырып шешім қабылдаңыздар.
3. Балаңыздан ақыл сұраудан қорықпаңыз, бұл сіздердің араларыңызды жақындата түседі.
4. Балаңыздың достарын жақсы біліңіз.
5. Балаңызға тек ата-ана ғана емес, жанашыр досы да бола біліңіз.
6. Балаңызға әр уақытта үлгі бола біліңіз, есіңізде болсын, өз ата-анаңызды сыйлаңыз, ертең сізді де балаңыз сыйлайтын болады. Өз кемшілігіңізді көрсетпеуге тырысыңыз.
7. Естеріңізде болсын, балаларыңыз үйге қонақ, ерте ме, кеш пе туған ұясынан ұшып кетеді. Балаларыңыз ертең туып - өскен ұясын сағына еске алатындай, туған үйінің жылуын ұмытпайтындай болсын.
8. Балаңыздың оқу орынына жиі келіңіз. Атақты педагог В. Сухомлинскийдің “жанұя мен мұғалім тәрбиесі біріккенде ғана толық тәрбие болады” деген сөзін ұмытпаңыздар.

Мынаны кестеге байланысты ата-аналар өз пікірлерін толтырады.

Қарастырылатын мәселе

Келісемін

Келіспеймін

“Жанұя мен мұғалім тәрбиесі біріккенде ғана толық тәрбие болады”

“Ұлдың ұяты - әкеге, қыздың ұяты - шешеге”.

